

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционарлерінің кезектен тыс жалпы
жиналышының шешімімен

(2023 жылдың 10 ақпаны № 39
отырыс хаттамасы)

бекітілді

2023 жылдың 13 ақпанынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ ДИВИДЕНДТІК СЯСАТЫ

Алматы қ.

2023

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАГЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жалпы жиналышының шешімімен бекітілген (2024 жылдың 30 мамырындағы № 41 отырыс хаттамасы);
- 2024 жылдың 30 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жалпы жиналышының шешімімен бекітілген (2025 жылдың 29 мамырындағы № 42 отырыс хаттамасы);
- 2025 жылдың 29 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Саясат Биржаның өз акциялары бойынша дивидендтерді (бұдан әрі – дивидендтер) төлеу мәселелеріне негізгі тәсілдерін, сондай-ақ Биржаның дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Саясаттың мақсаты дивидендтердің мөлшерін анықтау кезінде тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, оларды төлеу шарттары мен тәртібін белгілеу болып табылады.
2. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібінің негізгі қағидаттары Биржаның капиталдандырылуы мен инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ оның дамуын қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады.
3. Осы Саясаттың мақсаттары үшін:
 - 1) Топ деп, қаржылық есеп берушілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржаның қаржылық есеп берушілігімен шоғырландыруға жататын, Биржа және оның еншілес үйымдары түсініледі;
 - 2) таза пайда деп тиісті қаржы жылы үшін халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған және аудиторлық есеппен расталған Биржаның шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне сәйкес Биржаның таза пайдасы түсініледі;
 - 3) бөлінбеген пайда деп тиісті қаржы жылы үшін халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған және аудиторлық есеппен расталған Биржаның шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне сәйкес бөлінбеген пайда түсініледі;
 - 4) Биржаның өтімді активтері деп өз қаражаты есебінен қалыптастырылған және Биржаның және оның еншілес үйымдарының инвестиациялық портфельдерінде шоғырландырылған негізде орналасқан ақша мен қаржы құралдары түсініледі ([осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертулген](#)).
4. Биржа өзінің инфрақұрлымының тұрақты дамуын қамтамасыз етумен, өзінің операциялық қызметін, даму жобаларын қаржыландырумен қатар акционерлерге төленетін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.
5. Биржаның дивидендтерін төлеу осы қаржы жылдындағы таза пайдадан соңғы аяқталған қаржы жылы үшін немесе соңғы аяқталған қаржы жылдының алдындағы жылдар үшін осы Саясатқа сәйкес сол жылдардағы бөлінбеген пайдадан жүзеге асырылады.
6. Биржаның дивидендтерін төлеудің негізгі шарттары:
 - 1) Биржада соңғы аяқталған қаржы жылдындағы таза пайданың немесе алдыңғы қаржы жылдарындағы бөлінбеген пайданың болуы;
 - 2) активтері Топтың шоғырландырылған активтерінің 30 % және одан астамын құрайтын Биржада және оның әрбір еншілес үйымында дивидендтер төлеу қаралатын сол кезеңдегі негізгі қызметтен он қаржылық нәтиженің (пайданың) болуы;
 - 3) егер осындай еншілес үйымның ([осындай еншілес үйымдардың әрқайсысының](#)) активтері Топтың шоғырландырылған активтерінің 30 % және одан астамын құрайтын болса, Биржаның еншілес үйымынан ([еншілес үйымдарынан](#)) дивидендтер төлеу қаралатын сол кезең үшін дивидендтер алу не Биржаның көрсетілген еншілес үйымы тиісті кезең үшін дивидендтер төлемеген жағдайда, дивидендтер төлеу үшін Биржаның меншікті қаражатының жеткіліктілігі ([осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертулген](#));
 - 4) дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күні Биржада және оның еншілес үйымдарында клиринглік қызметті қамтамасыз ету шеңберінде сақтық қорлар есебінен дефолттарды реттеу бойынша орындалмаған міндеттемелер, сондай-ақ іске асырылған операциялық тәуекелдер бойынша, оның ішінде операциялық тәуекелдерге

сақтық қорлары есебінен орындалмаған міндеттемелер болмаған (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);

- 5) Биржаның және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарына сәйкес құрылған, операциялық тәуекелдерге арналған резервтерді және шоғырландырылған негізде басқа да резервтік қорларды қоса алғанда, меншікті резервтік қорлардың сомасын шегеріп тастағандағы, меншікті капитал есебінен қалыптастырылған, шоғырландырылған негіздегі Биржаның өтімді активтерінің сомасы дивиденд есептелгеннен кейін келесі қаржы жылына жоспарланған операциялық капиталдың және операциялық шығыстың сомасынан кем болса (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 6) дивиденд есептелгеннен кейін шоғырландырылған негізде Биржаның меншікті капиталының мөлшері орталық контрагенттің резервтік қорын (резервтік қорларын) және Биржаның және оның еншілес ұйымдарының басқа да резервтік қорларын Биржаның дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған жылдан бастап келесі екі қаржы жылындағы макроэкономикалық өсу болжамына, өсу динамикасына, Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық стандарттар мен Топтың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне сүйене отырып, ұлғайту қажеттілігін қамтамасыз етеді (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылдың 30 мамырындағы және 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 7) осы Саясаттың 7 және 8 тармақтарында қарастырылған дивидендтерді есептеуге және төлеуге шектеулердің болмауы;
 - 8) Биржаның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) Биржаның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивиденд мөлшерінде өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі туралы ұсынысының болуы (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 9) дивидендтерді төлеу және олардың мөлшерін анықтау туралы Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) шешімінің болуы.
7. Биржаның дивидендтерін есептеуге және төлеуге мына жағдайларда жол берілмейді:
- 1) Биржаның меншікті капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Биржаның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс мәнді болса;
 - 2) егер Биржа Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келіп, немесе аталған белгілер Биржада оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;
 - 3) белгілі бір оқиға басталғанға дейін және (немесе) белгілі бір уақыт кезеңі өткенге дейін дивидендтерді есептеуге және (немесе) төлеуге шектеуді қамтитын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша туындаған Биржа міндеттемелері болған жағдайда (ковенанттар);
 - 4) егер өткен күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны күнінің соңындағы жағдай бойынша салықтар, амортизациялық шығыстар және кредиттер бойынша пайыздар (EBITDA) төленгенге дейінгі пайда мөлшеріне ақшаның және оның баламаларының (Net Debt) мөлшеріне түзетілген қарыз міндеттемелерінің сомасы ретінде есептелетін таза қарыз мөлшерінің коэффициенті жылдық мәнде 2 (екі)-ден асатын болса;
 - 5) егер дивидендтерді есептеу нәтижесінде Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиат ретінде өзіне қойылатын меншікті капиталдың жеткіліктілігі жөніндегі талаптарды орындауды тоқтатса;

- 6) егер дивидендтерді есептеу нәтижесінде қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілдегі орган белгілеген пруденциалдық нормативтер мен талаптар бұзылса.
8. Биржаның орналастырмagan немесе өзі кері сатып алған немесе сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны жою туралы шешім қабылдаған, жай акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

2 бөлім. ДИВИДЕНДТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

9. Биржаның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін акционерлердің жалпы жиналысы жылына бір рет соңғы аяқталған қаржы жылының нәтижелері бойынша сол жылдағы таза пайданың мөлшеріне немесе алдыңғы қаржы жылдарындағы бөлінбеген пайданың мөлшеріне сүйене отырып анықтайды.

Бұл ретте акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі ұсынған осындағы дивиденд мөлшерінен асатын мөлшерде Биржаның бір жай акциясына есептегендеге дивидендтің мөлшерін анықтауға құқылы емес.

10. Директорлар кеңесі Биржа Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) ұсынысы негізінде акционерлердің жалпы жиналысына Биржаның өткен қаржы жылындағы таза пайдасын және (немесе) өткен жылдардағы бөлінбеген пайданы бөлу тәртібі туралы және Биржаның бір жай акциясына есептегендеге дивиденд мөлшері туралы ұсынымдар береді. Биржаның Директорлар кеңесі Биржаның стратегиялық мақсаттарына сәйкес Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына Биржаның аудиторлар шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза пайданың бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге бағытталатын ақша сомасын тәмендетпеуді ұсынуға құқылы.

- 10.1 Биржаның өткен жылдар бөлінбеген пайдасы есебінен арнайы дивидендтер төлеу ұсынылуы мүмкін.

Арнайы дивидендтер төлеудің максималды сомасы және бір акцияға арнайы дивидендтің мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Special DPS = \frac{Special Div, \text{тенге}}{\text{акциялар саны}}$$

$$Special Div, \text{тенге} = \min \left(Retained Earnings, \left(Liquid Assets_s - Net Income_s - CapEx_{s+i} - OpEx_{s+i} - \sum_1^2 \Delta ResFund_{s+i} \right) \right)$$

Retained Earnings – өткен жылдардағы Биржаның бөлінбеген пайдасы;

Liquid Assets_s – Биржаның Директорлар кеңесінің отырысында арнайы дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау алдында соңғы есептің күнгі өтімді активтердің мөлшері;

Net Income_s – Биржаның Директорлар кеңесінің отырысында арнайы дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау алдындағы ағымдағы жылдың басынан бастап соңғы есептің күнгі дейінгі кезең үшін шоғырландырылған негізде бөлінбеген таза пайда;

CapEx_{s+i} – Биржаның Директорлар кеңесінің отырысында арнайы дивидендтер төлеу туралы мәселені қараудың алдындағы соңғы есептің күннен бастап Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Биржаның күрделі шығыстарының өзекті бюджетіне сәйкес ағымдағы қаржы жылының соңына дейін шоғырландырылған негізде Биржаның жоспарланған күрделі шығыстарының сомасы;

OpEx_{s+i} – Биржаның Директорлар кеңесінің отырысында арнайы дивидендтер төлеу туралы мәселені қараудың алдындағы соңғы есептің күннен бастап Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Биржаның кірістер мен шығыстардың өзекті бюджетіне сәйкес ағымдағы қаржы жылының соңына дейін шоғырландырылған негізде Биржаның жоспарланған операциялық шығыстарының сомасы;

$\sum_1^2 \Delta ResFund_{s+i}$ – Биржаның және/немесе оның еншілес үйымының Директорлар кеңесінің шешімімен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен және/немесе Биржаның

және/немесе оның еншілес үйымдарының алқалы органдарының дивиденд төлеу мүмкіндігін анықтау күні бекітілген шешімімен Клирингілік қорлардың болжамды құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жылдан бастап алдағы екі қаржы жылына арналған ағымдағы болжам негізінде шоғырландырылған негізде Биржаның резервтік қорларын ұлттайту немесе азайту (осы абзац *Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен өзгертілген*).

(Осы тармақ *Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өнгізілген*)

11. Басқарма Директорлар кеңесіне осы Саясаттың 10 тармағында көрсетілген ұсынымдарды дайындау үшін ұсынатын материалдарда дивидендтер төлеуге қажетті шарттардың болуы және мұндай төлемге шектеулердің болмауы туралы барлық қажетті ақпарат болуы тиіс.
12. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналышына осы Саясаттың 10 тармағында көрсетілген ұсынымдарды ұсынған кезде, сондай-ақ дивидендтер төлеу үшін қажетті шарттардың болуы және мұндай төлем үшін шектеулердің болмауы туралы ақпаратты ұсынады.
13. Басқарма Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналышына таза пайданы белу тәртібі, дивидендтерді төлеу немесе төлемеу және олардың бір жай акцияға есептегенде мөлшері туралы ұсынымдарды дайындау кезінде мынадай факторлар ескерілуі тиіс:
 - 1) Биржа шоғырландырылған негізде алған таза пайданың мөлшері (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы, нарықтар динамикасы, бәсекелестік қызметті дамыту;
 - 3) Топ бюджеттің келесі екі жылға арналған жоспарлы көрсеткіштері (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 4) Биржаның және оның еншілес үйымдарының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері, оның ішінде лицензиаттар ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылатын талаптарды ескере отырып, Биржаның және оның еншілес үйымдарының меншікті капиталының жеткіліктілік, сондай-ақ қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкестікке қол жеткізу көрсеткіші (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 5) Биржаның және оның еншілес үйымдарының операциялық қызметін және даму жобаларын қамтамасыз ету, оның ішінде:
 - Биржаның және оның еншілес үйымдарының кірістерін жинақтап өндайтін қолданыстағы сауда-саттық және ақпараттық жүйелерінің өнімділігін арттыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыру;
 - өз қаражаты талап етілетін бөлігінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
 - Биржаның және оның еншілес үйымдарының бұрын туындаған міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды орындау қажеттілігі;

(*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*)

- 6) Сақтық қорларды қалыптастыруды және/немесе ұлттайтуды қоса алғанда, Биржаның және оның еншілес үйымдарының операциялық тәуекелдеріне сақтық қорларды қоса алғанда, Биржаның және оның еншілес үйымдарының операциялық қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Басқарманың және/немесе Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де факторлар (*осы тармақша Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*).

14. Бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері оларды алуға құқығы бар Биржа акционерлерінің тізімі жасалған күні орналастырылған және айналыстағы (Биржа сатып алмаған) Биржаның жай акцияларының санына бөлінген дивидендтер ретінде төленуі болжанатын сомаға сүйене отырып анықталады.

Дивидендтерді төлеу мүмкіндігін анықтау кезінде бір акцияға дивидендтің мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DPS = \frac{Div_{\text{теңге}}}{\text{акциялар саны}}$$

Дивидендтерді төлеу мүмкіндігін анықтау кезінде дивидендтерді төлеу мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Div_{\text{теңге}} = \min \left(Net Income_t, \left(Liquid Assets_t - \sum_1^1 CapEx_{t+i} - \sum_1^1 OpEx_{t+i} - \sum_1^2 \Delta ResFund_{t+i} \right) \right)$$

, Мұнда

$Net Income_t$ – дивидендтерді төлеу кезеңінде шоғырландырылған негізде бөлінбекен таза пайда;

$Liquid Assets_t$ – дивидендтерді төлеу мүмкіндігі анықталған күнге дейін Биржаның шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің соңғы аудитtelген есептік күнгі өтімді активтердің мөлшері;

$\sum_1^1 CapEx_{t+i}$ – Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Биржаның күрделі шығындарының өзекті бюджетіне сәйкес келесі қаржы жылына арналған шоғырландырылған негізде Биржаның күрделі шығыстарының сомасы;

$\sum_1^1 OpEx_{t+i}$ – Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Биржаның кірістер мен шығыстардың өзекті бюджетіне сәйкес келесі қаржы жылына арналған шоғырландырылған негіздегі Биржаның операциялық шығыстарының сомасы;

$\sum_1^2 \Delta ResFund_{s+i}$ – Биржаның және/немесе оның еншілес үйымының Директорлар кеңесінің шешімімен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен және/немесе Биржаның және/немесе оның еншілес үйымдарының алқалы органдарының дивиденд төлеу мүмкіндігін анықтау күні бекітілген шешімімен Клирингілік қорлардың болжамды құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жылдан бастап алдағы екі қаржы жылына арналған ағымдағы болжам негізінде шоғырландырылған негізде Биржаның резервтік қорларын ұлғайту немесе азайту ([осы абзац Биржа акционерлерінің жалпы жиналышсының 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен өзгертулген](#)).

([Осы тармақ Биржа акционерлерінің жалпы жиналышсының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертулген](#))

3 бөлім. ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

15. ([Осы тармақ Биржа акционерлерінің жалпы жиналышсының 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен алынып тасталған](#)).
16. Акционерлердің жалпы жиналышы Биржа акционерлеріне дивидендтер алу нысанын — ақшамен немесе Биржаның бағалы қағаздарымен (жарияланған акцияларымен немесе шығарылған облигацияларымен) таңдау құқығын беру туралы шешім қабылдауға құқылды — Биржаның жай акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеу Биржаға осы дивидендтерді бағалы қағаздармен алуға жазбаша келісім берген тұлғаларға ғана Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Биржаның әрбір акционерінің рұқсат етілген үлесінің мөлшеріне және оның үлестес тұлғаларымен бірлесіп орналастырылған акциялардың жалпы санына шектеулерді ескере отырып, жүзеге асырылады ([осы абзац Биржа акционерлерінің жалпы жиналышсының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертулген](#)).

Биржа акционерлері дивидендтер ретінде алуға мәлімдеген бағалы қағаздар саны Биржа иеленетін бағалы қағаздар санынан асып кеткен жағдайда, акционерлерге көрсетілген

бағалы қағаздармен дивидендтер төлеу оларға тиесілі Биржа акцияларына барабар жүзеге асырылады. Бағалы қағаздармен төленбекен дивидендтердің бір бөлігі ақшамен төленеді.

17. Дивидендтер Биржаның акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналышының тиісті шешімімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, бірақ акционерлердің жалпы жиналышы Биржаның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей төленеді. Дивидендтер төлеу болып саналады:
 - 1) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілген Биржаның банктік шотынан Биржа акционерінің банктік шотына ақша аудару;
 - 2) осы Саясаттың 16 тармағына сәйкес бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуы.
18. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.
19. Дивидендтер алуға құқығы бар Биржа акционерлерінің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.
20. Биржада немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Биржаның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілдепті органның нормативтік құқықтық актісінде анықталған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

4 бөлім. БИРЖАНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

21. Биржа акционерлердің дивидендтер алуда жәніндегі құқықтарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
22. Биржа акционері, осы Саясаттың 7-тармағында көрсетілген негіздер бойынша дивиденд есептелмейтін жағдайларды қоспағанда, Биржаның берешегі қалыптасу мерзіміне қарамастан өндірілмеген дивидендті төлеуді талап етуге құқылды ([осы тармақ Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2025 жылдың 29 мамырындағы шешімімен өзгерпілген](#)).
23. Биржа акционері 10 (он) жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Биржа акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Биржа акционерге келтірілген залалдар және (немесе) оның жоғалған пайдасы үшін жауап бермейді, сондай-ақ акционердің осы тармақтың бірінші абзацының талабын сақтамауы салдарынан Биржаның дивидендтерді үақытылы төлемегені үшін айыппұлдарды (өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын) төлемейді.

5 бөлім. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

24. Осы Саясат Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсында жариялануы тиіс.
25. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Биржа органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
26. Осы Саясаттың күші Биржа акционерлеріне дивидендтер төлеу процесіне тартылған Биржаның барлық қызметкерлері мен лауазымды адамдарына қолданылады.
27. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген нормалары олармен қайшылықта түссе, Саясаттың осы нормалары күшін жояды және Саясатқа тиісті өзгертулер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

28. Осы Саясатты уақтылы өзектендіру үшін жауапкершілік Басқармаға жүктеледі.

Осы Саясат қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзекті болған жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелеңтін үш жылда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қаралуға жатады (*осы абзац Биржа акционерлерінің жалпы жиналышының 2024 жылдың 30 мамырындағы шешімімен өзгертілген*).

Басқарма Тәрайымы

Алдамберген А.Ә.